

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды  
академиясының ізденушісі Райбаев Даулет Кумарбековичтің 6D030300 –  
«Құқық қорғау қызметі» мамаидығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған  
«Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық  
құқықтық және криминологиялық проблемалары» тақырыбында  
жазылған диссертациялық жұмысына  
ПІКІР**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және  
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибеінің және ғылым мен  
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Д.Қ. Райбаевтың зерттеу жұмысы әлемдік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі болып табылатын діни экстремизм сияқты қоғам үшін қауіптілік деңгейі айрықша феноменді ескерту проблемаларына арналған. Жалпы экстремизм көріністерінің мемлекет ретінде енді қалыптасып келе жатқан біздің республикамыз үшін қауіптілігі сөзсіз. Экстремистік идеяны ұстанушы тұлғалар қоғамда түрлі араздықтар туғызумен ғана шектеліп қоймай, мемлекетіміздің құрылымы мен тұтастығына, адамдардың бейбіт өмір сүруіне де қол сұғушылық жасайтындықтан бей-жайлық танытуды қотермейді.

Осы негізде мемлекет тарапынан экстремизм және терроризммен күресуге бағытталған қомақты заңдар мен заңға тәуелді актілердің және мемлекеттік бағдарламалардың қабылданғанын айта кеткен жөн. Экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға бағытталған бұл ресми құжаттардың қоғамның негізгі салаларын құқықтық реттеуге қатысты маңызы зор. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында экстремизм мен терроризмге қатысты бір қатар жаңалықтардың болуы заң шығарушының бұл мәселеге айрықша назар аударатындығының бір айғағы. Мұны ең алдымен экстремистік қылмыстардың сандық-сапалық параметрлерінің арттырылғанынан байқаймыз; екіншіден, қолданыстағы қылмыстық заңнамада терроризм және экстремизммен күресудің халықаралық тенденциялары толық көрініс тауып, экстремистік және террористік қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты «компромистік» нормалар мен басқа да қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларға шектеу жасаушы ережелер енгізілген. Дегенмен, отандық қылмыстық заңнамамыздың экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты нормаларының әлі де жетілдіруді қажет етерлік ережелері бар екендігі сөзсіз. Сөйтін, тәжірибе көрсетін отырғандай экстремизммен күресуге бағытталған дәстүрлі шаралар әрдайым біз қалайтын нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермеуде. Сондықтан, діни экстремизм сияқты криминалды сын тегеурінге қарсы тұрудың жаңа ғылыми негізделген тәсілдеріне деген сұраныс осы тақырып өзектілігін айқындап отыр.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық мәнінде күмәніміз жоқ. Себебі зерттеу барысында алынған нәтижелер алдыңғы

уақытта діни экстремизмнің алдын алу шараларын жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін деп санаймын.

### **Диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.**

Автордың зерттеу нәтижесінде алған ғылыми қорытындылары «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 Бұйрығының 5-8 тармақтарына сәйкес келеді. Қойылған мақсатқа қол жеткізу, зерттеу міндеттерін орындау, зерттеу әдіснамасы және зерттеу жұмысының теориялық, нормативтік, эмпирикалық базаларына толық талдау жасай отыра диссертациялық зерттеу жұмысының қойылатын талаптарға сәйкестілігіне қоз жеткіздік.

Диссертацияда қол жеткізілген нәтижелер ізденушінің өзі жазған, автордың көпшілік алдында қорғауға ұсынатын жана ғылыми нәтижелері мен қағидаларының жиынтығынан тұратын, ішкі бірлігі сақталған әрі автордың ғылымға қосқан жеке үлесін көрсететін жұмыс болып табылады.

Автор қорғауға бір қатар ғылыми тұжырымдамаларды шығара отырып, томендегідей ұсыныстар жасайды:

1. Діни экстремизмнің құқықтық табиғатын зерделей отырып, оған мынадай авторлық анықтама ұсынамыз: «Діни экстремизм – діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір діни ұйым негізінде құрылған діни қозғалыстар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде тану әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер».

2. Экстремизм генезисіне талдау жасай отырып, диссертант діни экстремизмге байланысты қылмыстардың дамуына ықпал етуші ішкі және сыртқы факторларды анықтайды: сыртқы факторлар – жаһандану, геосаяси факторлар, заңсыз көші-қон арқылы болса, ал ішкі факторлар – елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, халықтың рухани негізін құрайтын дінді қамтитын мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы, қоғамдағы отбасы институты ролінің томендеуі, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер, рухани негіздердің өзгеруі, азаматтардың діни сауаттылығының томендігі және адамдардың психологиялық денсаулық жағдайларындағы ақаулар арқылы болатынын белгілейді.

3. Зерттеу жұмысының авторы экстремистік қылмыстарға қатысты қылмыстық-құқықтық құрылымдарды зерделеп, оларға талдау жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын жетілдіруге қатысты мынадай ұсыныстар жасайды:

3.1. Экстремистік немесе террористік әрекеттермен күресу тиімділігін арттыру мақсатында қылмыстық кодекстің 15-бабының 2-бөлігімен қарастырылатын 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілік белгілеуші тізімді кеңейтін, оған ҚК 182, 259 және 260-баптарын да енгізу қажет.

3.2. Қазақстан Республикасы ҚК 24-бабының 2 және 4-бөліктерінің логикалық-қисындық тұрғыдан әрі мәтіндік тұрғыдан қателік деп

танылғандықтан террористік қылмыстар деген тіркесті мәтіннен алып тастау түрінде түзету енгізу керек.

3.3. Қолданыстағы қылмыстық-құқықтық құрылымға қисындық аяқталғандық мән беру үшін ҚК 56-бабының 2 және 3-бөліктерінің редакциясын өзгертіп, оны мына мазмұнда беру қажет:

а) ҚК 56-бабының 2-бөлігі: «Қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе молшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында террористік және экстремистік қылмыстарды қоспағанда аяқталған қылмыс үшін козделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе молшерінің жартысынан асыруға болмайды».

ә) ҚК 56-бабының 3-бөлігі: «Қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімін немесе молшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында террористік және экстремистік қылмыстарды қоспағанда аяқталған қылмыс үшін козделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе молшерінің торттен үшінен асыруға болмайды».

3.4. Зерттеу жұмысының авторы ҚК 404-бабының 2 және 3-бөліктерімен қатар осы баптың 1-бөлігі де діни экстремизмге байланысты қолсұғушылық белгілеріне толық көлемде жауап беретінін, ҚК 3-бабының 39-тармағында қорсетілген экстремистік бағыттағы қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтар тізіміне ҚК 404-бабын толығымен енгізу қажеттігін негіздейді.

3.5. Экстремистік қылмыстардың қазіргі тізімінде экстремистік негіз бойынша жасалатын қылмыстық жазаланушы әрекеттердің бір қатары есепке алынбайды. Осыған байланысты зерттеу жұмысының авторы ҚК 183-бабымен қарастырылатын қылмыстық теріс қылықты да қылмыстық заңнаманың экстремистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тізіміне енгізуді ұсынады.

4. Диссертант жаза атқару мекемелерінің түрлі діни ағым «мектебіне» айналу қаупін ескере отырып, оның алдын алудың тиімді жолдарының бірі ретінде дәстүрлі исламды насихаттаушы теолог-маманды штаттық қызметкер ретінде енгізін, «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу» Қағидасына теолог-маманның қызметтік міндеттерін қарастыруды ұсынады.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі.**

Докторант диссертациялық зерттеуінде тұжырымдалған нәтижелері терең теориялық ізденіс пен әлеуметтік-құқықтық үдерістер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, формальды-заңдық талдаулар негізінде жасалған.

Ғылыми еңбектің мазмұны мен онда тұжырымдалған нәтижелерді сыни тұрғыдан зерделеу диссертанттың тақырыпты мақсатты түрде, ғылыми-зерттеу әдістерін дұрыс қолдана отырып, жан-жақты әрі жүйелі зерттегендігін көрсетеді. Жұмыстың тақырыбы, объектісі мен пәні, мақсаттары мен міндеттері, онда баяндалған мәселелердің теориялық мазмұны, тәжірибелік маңызы – зерттеудің біртұтастығына дәлел бола алады. Сонымен қатар, зерттеу

жұмысының шынайылығы мен негізділігіне диссертант қолданған Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер негізінде жалпы қылмыстылықпен қатар, діни экстремизмге байланысты қылмыстылық жағдайы, динамикасы мен құрылымы бойынша 10 жылдық статистикалық материалдарды зерделеу және талдау қорытындылары, Қарағанды, Алматы және Ақтөбе облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы 210 қылмыстық іс, жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың 300 жеке істерінің зерделенуі, Қарағанды, Павлодар, Алматы, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының ішкі істер органдарының 273 қызметкері мен Қарағанды облысы бойынша ҚАЗ департаментінің Жезқазған қаласындағы АҚ-129/25 жаза атқару мекемесінің 80 сотталғандары арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары, сонымен қатар Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Алматы облыстарының 321 тұрғыны мен Павлодар қаласының 143 студенті арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындылары дәлел бола алады. Қорғауға шығарылған барлық тұжырымдар қажетті дәрежеде негізделін, қисындық тұрғыдан жүйелендірілген.

Зерттеу жұмысының бірінші нәтижесі негізді әрі дәйекті. Бұл нәтижеде діни экстремизмнің құқықтық табиғатынан анықтама жасалады. Бұл анықтама діни экстремизм сияқты құбылысты дәл анықтауға негіз болатынына күмән жоқ. Мұның әлеуметтік-құқықтық салыстырмалы талдау арқылы алынғаны айқын.

Зерттеу жұмысының екінші нәтижесі де негізді әрі дәйекті. Ізденуші жүргізілген зерттеулер нәтижесінде діни экстремизмнің дамуына ықпал етуші себептерді белгілеп, оны дәйекті түрде дәлелдейді.

Диссертациялық зерттеудің үшінші нәтижесі де негізді әрі дәйекті. Автор экстремистік қылмыстарға қатысты қылмыстық-құқықтық құрылымдарды зерделеп, оларға талдау жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын жетілдіру қажеттігін негіздеген әрі өз пікірлерін дәйектеген.

Зерттеудің төртінші нәтижесі негізді әрі дәйекті. Диссертант еліміздегі жаза атқару мекемелерінің кейбір мәселелерін шешу діни экстремизмнің алдын алуға ықпал етуі мүмкін деген ұсынысын негіздейді.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Автордың діни экстремизмге қатысты қылмысты қарастыратын және оның алдын алу үшін ескертудің негізгі бағыттарын анықтайтын заң нормаларын дайындауға ғылыми негізделген тұжырымдар жасауынан жаңалық дәрежесін аңдаймыз. Осыған орай зерттеу жұмысында діни экстремизм ұғымына анықтама берілін, оның белгілері мен Қазақстан Республикасының аумағында көрініс табу ерекшеліктері анықталады. Діни экстремизмнің қылмыстылық себептері мен экстремист қылмыскердің тұлғалық ерекшеліктерін ашылады. Сонымен бірге діни экстремизмнің қылмыстардың объективтік белгілеріне талдау жасалып, бұл қылмыстардың субъективтік белгілері талданады. Сондай-ақ діни экстремистік қатынастарды реттеуші қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру және

оңтайландыру мүмкіндігі қарастырылады. Осылардың бәрі де доктаранттың ғылымға қосқан үлес болып саналады.

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, себебі діни экстремизмнің құқықтық табиғатынан анықтама жасалады.

Екінші нәтиже жаңа болып саналады, өйткені ізденуші діни экстремизмнің елімізде қарқынды түрде дамуына ықпал етуші себептер кешенін айқындайды.

Үшінші нәтиже жаңа болып табылады, оның жаңалығы қолданыстағы Қылмыстық кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізуге деген ұмтылыспен олшенеді.

Төртінші нәтиже жаңа болып саналады. Діни экстремизмді ескертудің бір бағыты ретінде соңғы жылдары жаза атқару мекемелерінде кеңінен таралып бара жатқан діни ағымдардың жолын кесудің бір жолы – жаза атқару мекемелеріне штаттық теолог – маман қызметін енгізу мәселесі негізделеді.

**Ішкі бірлігінің және алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығының бағалануы.**

Қарастырылған ғылыми проблема жұмыста кешенді түрде баяндалады. Олар ішкі бірлігін сақтай отырып жүйеленген. Зерттеудің бірінші бөлімінде діни экстремизмге байланысты қылмыстылықтың криминологиялық проблемалары етене қарастырылады. Осы бөлімде діни экстремизмге байланысты қылмыстылық ұғымы және оның еліміздегі қазіргі жағдайы, діни экстремизмнің қылмыстылық себептері мен діни экстремистің тұлғалық ерекшеліктеріне талдау жасалады. Ішкі бірлігі өзара жымдаса, қабыса баяндалады. Сондықтан диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімінің құрылымдық бөліктері бір бірімен қисынды біртұтастықта деуге негіз бар.

Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде діни экстремизмге байланысты қылмыстың құқықтық аспектілері кеңінен қарастырылып, автор келелі тұжырымдар жасайды. Ол діни экстремизмге байланысты қылмыстардың объективтік, субъективтік белгілерінен, діни экстремизммен күресуде қылмыстық заңнаманы жетілдіру жолдарын айқындаудан көрінеді.

Жұмыстың үшінші бөлімінде діни экстремистік қылмыстылықпен халықаралық және мемлекеттік деңгейде күресу жолдары сөз болады. Мұнда да автор тұжырымдарын әлемдік деңгейдегі ортақ ой-пікірлерден таратады.

Сонымен зерттеу тақырыбының теориялық әрі қолданбалы-тәжірибелік мәселелері кешенді тұрғыдан зерделенген деп айтуға негіз бар. Отандық деңгейде бұл мәселені қылмыстық-құқықтық, криминологиялық тоңіректе бұрын-соңды арнайы ғылыми ізденістер түбегейлі қарастырған зерттеу жоқтың қасы. Әрі түрлі саладағы зерттеушілер (саяси, әлеуметтік, т.б.) аталмыш ғылыми еңбектің нәтижелерін өз еңбектерінде дамыта түседі деп білеміз.

Ізденушінің ғылыми жаңалықтары мен қол жеткен нәтижелерін Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында, ғылыми еңбектер жазуда, оқу құралдары мен оқулықтар жазуда пайдалануға болады. Зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды қылмыстық және қылмыстық

процесс заңнамасын жетілдіру барысында, құқық қорғау, соның ішінде ішкі істер органдары қызметтерінде, сондай-ақ қылмыстылықтың алдын алуда басшылыққа алуға болады. Ғылыми қорытындылардың, тұжырымдар мен ұсыныстардың негізділігі, олардың қойылған міндеттерді шешуге бағыттылығы, тезистер мен дәлелдемелердің қисындылығы, негізгі мәтін мазмұны мен диссертация құрылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын және осы мамандық бойынша теориялық – колданбалы зерттеулер жасауға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

### **Зерттеу жұмысын зерделеу барысында анықталған кемшіліктерге байланысты ескертпелер.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының жоғарыда аталып кеткен жағымды жақтарымен қатар, жұмыспен танысу барысында айқындалған кейбір кемшіліктеріне де тоқтала кеткен жөн деп санаймыз.

Жалпы криминология ғылымында кез келген жағымсыз құбылысты болдырмаудың бір жолы оның себебін немесе себептер кешенін анықтау екендігі белгілі. Экстремизм мәселесі ең алдымен әлеуметтік – экономикалық факторлармен байланысты болғандықтан зерттеу жұмысының қылмыстық – құқықтық немесе криминологиялық аспектілерінің бірінде елімізде діни экстремизмнің таралуына мүдделі, осы мәселені қаржыландырушы ұйымдар туралы ақпараттар болуы керек деп санаймын. Дегенмен, диссертант қылмыстық істерді зерделеу барысында да, басқа ақпараттық қайнар көздермен жұмыс істеуде де діни экстремизмді қаржыландырушы ұйымдар жайлы еш деректермен бөліспеген.

Екіншіден, диссертант зерттеу жұмысында діни экстремистік қылмыстарды сипаттаушы белгілерді дұрыс түсінуге кейбір терминдердің мысалы, ҚК-тің 174-бабында қолданылатын «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру», «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты насихаттау» және «айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау» сияқты ұғымдардың кедергі жасайтындығын және олардың нақтылауды және мағыналарын ашуды қажет ететіндігін дұрыс көрсетеді. Сондай-ақ, автор бұл арнайы тіркестердің ресми түсіндірілмеуі құқық қолдану практикасындағы түрлі «ауытқушылыққа» әкелін, заңның қылмысты ескертуіне кері әсерін тигізу мүмкіндігін белгілейтіндігіне тоқталады. Бұл нікірін жалаң болмас үшін тергеушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен бекітуін де өте орынды деп санаймын. Шынымен, экстремистік қылмыстардың, сонымен қатар діни экстремистік уәждерге байланысты қылмыстардың объективтік белгілерін анықтаудағы нақтылықтың жоқтығы жеке заңнамалық қайшылықтарды шешу қажеттілігін және тиісті әрекеттерді ресми соттық түсіндірме беру актілерінде түсіндірілуін ауадай қажеттігін көрсететіні анық. Сондықтан зерттеу жұмысының авторы осыған дейін менің де зерттеулерімде көрініс тапқан өте өзекті мәселені ашып, оны дұрыс негіздей отыра, осы ұсынысын қорғауға шығарылатын тұжырымдар қатарына қоспауы маған түсініксіз болып отыр.

жұмысының авторы осыған дейін менің де зерттеулерімде көрініс тапқан өте өзекті мәселені ашып, оны дұрыс негіздей отыра, осы ұсынысын қорғауға шығарылатын тұжырымдар қатарына қоспауы маған түсініксіз болып отыр.

Үшіншіден, жалпы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің халықаралық сипаттағы құбылыс екендігін ескере отырып, ізденушінің экстремизмге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық және халықаралық тәжірибеге арнайы ден қоюын жағымды үдеріс деп белгілейміз. Автор әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан оқ бойы алда келе жатқан бір қатар мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимылын реттеуші заңнамаларын қарастырған. Дегенмен, өзге елдердегі дәл осы діни экстремизмге қатысты заңнамаларды отандық заңнамаға енгізу туралы мәселені қоюы да артық болмас еді деп ойлаймын.

**Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

Диссертант *Райбаев Даулет Кумарбековичтің* 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды ескертудің қылмыстық құқықтық және криминологиялық проблемалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзінің өзектілігі және ұсынылып отырған шешімдерінің жаңа болуына байланысты, «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті қоятын талаптарға сәйкес келеді деп танылып, жұмыс жария түрде қорғауға ұсынылады.

**Қазақстан Республикасы ІІМ  
Алматы академиясы  
қылмыстық құқық және криминология  
кафедрасының профессоры,  
з.ғ.д., профессор**



**Г.Р. Рустемова**

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ  
Хатшылық бөлімінің бастығы  
ҚОЛТАҢБАНЫ ҚҰПТАЙМЫН  
« 20 ж.